ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

18 мамыр 2023 жыл №1112-23-00-2/933 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Жакупов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Зеренді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Раяна» Үмітәліп Еркебұлан Сәкенұлы жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБТАРЫ:
1)мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы,
2)тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Зеренді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Раяна» Үмітәліп Еркебұлан Сәкенұлы жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабтары - қанағаттандырылсын.

«Раяна» Үмітәліп Еркебұлан Сәкенұлы жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Раяна» Үмітәліп Еркебұлан Сәкенұлы жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 2 257 (екі мың екі жүз елу жеті) теңге 76 (жетпіс алты) тыин көлемінде тұрақсыздық айыппұл және 1 792 (бір мың жеті жүз тоқсан екі) теңге 73 (жетпіс үш) тыин көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 18.05.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.06.2023, судья Жакупов А. А., 20.07.2023
1112-23-3-1/1028

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.А. Жакупов**

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 18.05.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.06.2023, судья Жакупов А. А., 20.07.2023
1112-23-3-1/1028